

## **Түркі халықтарын тарихи этнологиялық тұрғыдан зерттеудің пәнаралық тәсілдері мен жаңа парадигмалары**

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев: «...тарихтың жәдігерлері туралы, оларға деген көзқарас туралы айтқанда, менің көкейімде тұрған нәрсе – ұлттық рух деп аталатын, бірақ та анықтауы қиын «тарихтың затын» материалдық жағынан тұрлаулы етіп тұрақтандыру қажеттігі» зор екенін атап өтті [Н.Назарбаев, 1999]. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тарихи зерттеулерге арналған «Тарих толқынындағы халық» атты мемлекеттік бағдарлама жасауды ұсынды. Бұл бағдарламаның мақсаты – Қазақстандағы тарих ғылымының бүгінгі дамуына ықпал ететін сапалық ілгерілеу, тарихи зерттеулер арқылы жас ұрпақтың тарихи дүниетанымдық өрісін кеңейту, тарихи санасын қалыптастыру. Осыған орай, ұлттық тарихты зерделеу мәселелері жөніндегі жұмыс тобының көтерген қазақ тарихын зерделеудің өзекті мәселелері жайындағы бастамалары, ұлттық тарихты әлемдік тарихи үдерістердің бір бөлігі ретінде пайымдау міндетін қоюы тарих ғылымының дамуына жаңа қарқын беріп, мемлекет тарапынан жан-жақты қолдауға ие болып жатқаны баршамызға мәлім.

Тарих ғылымының теориялық-методологиялық тұрғыдан ілгері жылжуына жаңа методологиялық әдіс-тәсілдер мен пәнаралық байланыстарды күшейту қажет екені сөзсіз. Бұл орайда тарих ғылымындағы феноменология мен герменевтиканың рөліне тоқтала отырып, ендігі уақытты тарихшы маман зерттелетін кезеңнің ішкі мән-маңызына тереңдеп кіріп, фактілерді зерттеумен қатар, нақты бір қоғамның құндылықтарына, ережелеріне, моралдық қағидаларына терең үңілген жөн. Осыған байланысты кезінде Э. Кейзердің айтқан пікіріне сүйенсек, ол "тарих ғылымының дағдарысқа ұшырауының бірден-бір себебін теориядан артта қалушылық" деп есептейді. Ол деректерге сүйену мен тарихи-ғылыми пәндерді көбейтуді ұсынды. Тарих ғылымының нысанын анықтай отырып, ол: «... тарихшы тек жинаумен, толықтырумен ғана емес, жинаған фактіні жүйелеумен, олардың өзара байланысын ашумен айналысуы керек», – деп, сол уақыттың өзінде тек жазба деректермен айналысуды сынап келе, деректердің сан-салалығын және олардың пайда болуына әсер ететін ықпалын да құптады. Э.Кейзер тарихшының ойлау қызметіне көп нәрсе байланысты екенін ашып айтып, деректануды адамзат ойы мен естеліктерінің жиынтығы деп бағалауы әлі де болса өзектілігін жойған жоқ [Иванов, 1973].

Соңғы кезде тарихи-мәдени танымдық мәселелерді зерттеуде маңызды парадигмалар қатарында мәдениеттанулық компаративистика жатады. Бұл этнографиялық байқаулар мен далалық зерттеулер мәдениеттанулық компаративистиканың фактілік базасын жасайды [Павильч, 2010].

Мәдени құбылыстың қыр-сырын ашу үшін герменевтикалық зерттеулердің де әдіс-тәсілдері пайдаланылады. Этномәдениеттанулық компаративистика саласы әдіс ретінде жаңа бағыттардың біріне жатады. Компаративтік зерттеулердің классикалық парадигмасы лингвистикалық, тарихи-археологиялық, транстенталды философия және батыстық

элеуметтік-мәдени антропология, этнология, этнография негізінде қалыптасқаны белгілі. Оның мазмұны терең, түрлі ғылыми сала мен зерттеу парадигмаларының ұштасып жатқан саласы.

Мәдениеттанулық компаративистика бір жағынан теориялық бағыт-бағдарлардың жиынтығынан тұратын этностық мәдениеттерді зерттеудің моделі болып табылса, екінші жағынан мәдениеттер феноменін салыстырмалы түрде зерттеудегі фундаменталды білімдер жиынтығы болып табылады. Олай болса, тарихи этнология саласындағы зерттеулердің мәдениеттанулық компаративистикамен ұштасып жатуы заңды құбылыс.

Тарих ғылымындағы феноменологиялық парадигмалар да назардан тыс қалмауы қажет. Феноменологиялық парадигма объект, субъект қарым-қатынасының эпистемологиялық (гносеологиялық-танымдық) мәселелерін шешуге, тарихи таным үдерісіндегі олардың байланыстарын пайымдауға мүмкіндік ашады. Феноменологиялық тәсіл тарихи-мәдени кеңістікте объективтілік, танымның шынайылығы, ғылыми нәтижелердің ақиқаты, тарихи зерттеулердің принциптерінің бірегейлігіне жауап бере алады [Янова, 2009].

Тарихшылар алдына мемлекеттік деңгейде қойылған міндеттерді жүзеге асыруда отандық тарихи этнология, этнография салаларының алатын орны ерекше екені белгілі. Әрине ұзақ жылдар бойы бодандық кұрсауда, тоталитарлық жүйе бақылауында болған этникалық тарихты бірден өз қалпына келтіруге біршама уақыт және мықты интеллектуалдық күш қажет.

Қазіргі тарих ғылымының алдында тұрған қиын міндеттердің қатарына фактологиялық материал жинау, тіпті оны талдау емес, табылған дереккөздер мен ғылыми мәліметтерді синтездеу жатады [Янова, 2009].

Тарихи этнология тарих ғылымының аса ауқымды, ұлттық зердені, тарихи сананы қалыптастырудағы алатын орны ерекше салаға жатады. Кеңестік заманда түрлі шектеулерге ілінген түркі (қазақ) халықтарының этнографиялық мұраларына қатысты ізденістердің бүгінде тақырыптық және мазмұндық жағынан ауқымы кеңейгені анық. Алайда бұл салада әлі де зерттеуді, зерделеуді қажет ететін тақырыптар баршылық. Әлі де болса жалпы отандық тарихи этнология ғылымында теориялық мәселелерден гөрі, қолданбалы зерттеулерге басымдылық берілу үрдісі байқалады.

Этнологиялық зерттеулердегі тарихи кеңістіктің көпәспектiлi концептiсiн пәнаралық деңгейге шығару үшін ғылыми теориялық-методологиялық мәселелердi қарастыруды тереңдету аса маңызды. Этнологиялық зерттеудiң пәнаралық методологиясын қалыптастыру, отандық ғылыми кеңiстiктегi тарихи этнология ғылымының ұғымдық-терминологиялық аппаратын жүйелеуге назар аудар сияқты мәселелер бүгiнгi зерттеушiлер назарынан тыс қалмау керек.

Тарихи этнологияның зерттеу нысаны белгiлi бiр этнос және сол этностың мен мәселелер болғандықтан, қазiргi күнi тарихи этнологияның зерттеу аясы мен ауқымы үнеми кеңею үстiнде. Алайда жалпы түркi халықтарының этнографиялық мұраларын зерттеуге, жариялауға қатысты әлi

де теориялық, практикалық тұрғыдан зерттеуді қажет ететін мәселелер бар екені белгілі.

Бүгінгі таңда тарихи этнологиялық зерттеулерді пәнаралық байланыссыз, жаңа парадигмаларсыз зерттеу мүмкін емес болып отыр. Олай болса, пәнаралық және кешенді зерттеулерді жүргізу көптеген ғылыми мәселелерді теориялық жағынан ұғынуға, жалпы гуманитарлық кеңістіктегі білімді синтездеуге жол ашады. Тарихи психология, этнодемография, музейлік этнография, диаспоралогия, тарих философиясы, тарихи деректану, музейлік деректану, этноархеология сияқты салалардың жетістіктерін, ғылыми әдіс-тәсілдерін, деректік базасын пайдалану – этнологиялық, этнографиялық зерттеулердің тынысын аша түсетіні, деректік базасының ауқымы мен танымдық деңгейін көтере түсетіні сөзсіз.

Бүкіл тарих ғылымының істеп жатқан қызметі мен ғылыми зерттеулері және оның нәтижелері қоғамдағы әрбір адамның тарихи санасын, жадысын, тарихи ойлауы мен танымын, ментальдығын (ментальность), этникалық болмысын қалыптастыруға ықпал етеді. Сол себепті тарихи этнология саласы үшін өзектілігін ешқашан жоғалтпайтын, бүгінгі күні қажеттілігі ерекше артып отырған ғылыми парадигмалық өзгерістердің ең басты мәселесі – ұрпақ бойында тарихи таным мен тарихи сана қалыптастыру. Тарихи сананың өзі жеке адамның бойында, ең алдымен "елім, жерім, Отаным" деген ұғымдар арқылы қалыптасады. Кез келген этнологиялық, этнографиялық зерттеу сол этнос тұратын географиялық аумақты белгілеуден, этностың тіршілік ету қам-қарекеті, өмір сүру ортасының ерекшеліктерін айқындаудан басталады. Сол себепті тарихи-этнология мен тарихи географияның байланысы ерекше екенін атап өту қажет. Сондықтан тарихи этнология мен тарихи географияның байланысын осы тұрғыдан арттыру және ұрпақ бойына сіңдіретін тарихи білімдерді нақты этноментальдық және тарихи-мәдени кеңістікті игеруді күшейту арқылы сіңдіру аса маңызды.

Тарих ғылымының қоғамдық ой-сананы қалыптастырудағы орнының ерекше екендігін ескере отырып, этнологиядағы жаңа ғылыми бағыттардың дамуына көңіл бөлу қажет. Бұл орайда, болашағы зор, танымдық деңгейі жағынан берері мол ғылыми трендке жататын сала – этностың тарихи жасына, этникалық тарих пен этностың болмысына тікелей қатысты, ұлттық ерекшеліктерін көрсететін этникалық ментальдықты зерттеу жатады. Ұлттық мәдениеттің ментальдығын қалыптастыруда ландшафт, климаттық, биосфералық факторлар өте үлкен рөл атқарады. Кез келген этностың этногенетикалық параметрлерін географиялық жағдайлар анықтайды. Сонымен қатар ментальдық тарихи категория ретінде тарихи үдерістер мен тіршілік өмір сүру тәжірибесі нәтижесінде қалыптасады. Заттық мәдениет мұраларын этностың руханилық болмысымен, тіршілік қам-қарекетімен, философиясымен, ұлттық психологиясымен, әлеуметтік қарым-қатынасының ерекшеліктерімен тығыз байланыста зерделеу маңызды.

Кез келген табиғи апаттардан сақтана білген, бүкіл өмір сүру қабілеті мен ғұмырын табиғатқа бейімдей алған түркілердің мәдениеті әлі күнге дейін ғажайып феномен ретінде таңғалдырып келеді. Ұлы даланы мекен еткен ата-

бабамыз ерекше менталдық қасиетке ие болғаны белгілі. Уақыт пен кеңістікті ерекше қабылдауы, жауынгерлік рухы, «малым – жанымның садағасы» деген тіршілік көзіне деген философиялық қарым-қатынасы, аң стиліндегі өнер туындылары, шаруашылығы, салт-дәстүрі этностың тарихи санасының қалыптасуына, этникалық болмысының ерекшелігіне әсер еткені сөзсіз.

Өз Отанын сүю және қорғау, Атамекен образы, Жерұйық ұғымы – түркілердің болмысы мен ой-санасындағы этникалық басымдылықтардың бірі.

Кез келген халықтың менталитетін зерттеудің ғылыми мәні болуымен қатар, практикалық мәні де зор. Мемлекеттің саяси және экономикалық мақсаттарын орындау үшін, тұрақтылықты сақтау үшін халықтың әлеуметтік-мәдени, этнопсихологиялық, ментальдық түп-тамырына бармай, оны терең зерттемей жетістіктерге жету мүмкін емес. Ресейдің кейбір гуманитарлық сала бойынша дайындайтын жоғары оқу орындарында «Историческое сознание этноса», «Историческая психология» атты арнайы курстардың оқытылуы тегін емес болса керек.

Тарихи зерттеулердің деректанулық негіздерін этнологиялық зерттеулерде пайдалану дереккөздердің танымдық функциясын терең ашуға мүмкіндік берері сөзсіз. Өйткені тарихи этнологиялық зерттеулерді теориялық тұрғыдан жаңа сапаға, жаңа деңгейге көтеру үшін тың, этностың материалдық мәдениетімен қатар психологиясына, діліне, дініне, салт-дәстүріне, бір сөзбен айтқанда руханилығына терең бойлайтын тақырыптарды игеруге назар аудару керек деп білеміз.

Кез келген этностың діні – ментальдық, этникалық болмысындағы ерекшеліктерін көрсететін бірден-бір этникалық түпнегіз болып табылады. Бүгінгі жастарымыздың ислам дініне бет бұрғандығын және жастар үшін діни білімнің қажеттілігін ескере отырып, қазақ халқының дәстүрлі исламдінін этностың рухани болмысының тұғыры ретінде зерделеу мен зерттеуге аса үлкен мән берілуі керек деп ойлаймыз.

Ресейдің мемлекеттік тарихи мұрағатында революцияға дейінгі кезеңдегі Ресейдің жоғары және орталық мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының, қоғамдық мекемелердің, жеке ұйымдардың құжаттары сақтаулы. Мұрағат қорындағы материалдар мен оның мазмұнының дені Патшалық Ресейден бастап, кеңестік идеология қостап, ұлттық дініне балта шабу арқылы оның ділінен, тарихи санасынан, салт-дәстүрінен айырылып, тамырын солдыруға қызмет істегенінің дәлелі десе болады [Ресей мемлекеттік тарихи...]. Әсіресе қазақ халқын рухани әлсіздендіру, дінсіз «атеистке» айналдыруға, дінді шектеу арқылы этникалық болмысымызға, тарихи санамызға нұқсан келтіру жүйелі түрде жүргізілгені көрініс тапқан. Мұның аяғы неге соққанын айтып жатудың қажет жоқ. Қазақ халқының дәстүрлі дінінен қол үзуі, отарлық саясаттың арқасында трансформацияға ұшыраған этнографиялық болмысы, тарихи санасының улануы мен этникалық жадысының шектелуі сияқты мәселелерді мұрағаттық деректерге сүйене отырып зерделеу төл тарихымыздың мазмұнын әлі де болса толықтыра түсуге ықпал ететіні сөзсіз.

Ұлттық дүниетаным, тарихи сана, тарихи жады (зерде, ес), этникалық сәйкестілік, бірегейлік (идентичность) тарихи-мәдени мұралар жүйесімен үздіксіз байланыста өмір сүреді. Музейдің этнографиялық жәдігерлерінің тарихи жады дереккөзі, түркілік мәдени дәстүрлердің онтологиялық және социомәдени аспектілерге негізделген ерекше қасиетті мұралары, этностың (түркілік) рухани-мәдени танымдық әлемінің нысаны ретіндегі алатын орны ерекше.

Этнографиялық жәдігерлер дені музей қорларында сақталатыны белгілі. Музей – бүкіл қызмет түрлері мен атқаратын функциялары аясында музейлік деректер арқылы тарихи сананы ұрпақ бойына сіңдірудің тиімді формасы ретінде «түрлі этникалық мәдени дәстүрлердің шоғырланған және ұрпақаралық үндесуді, тілдесуді, жүздесуді ұйымдастыратын айрықша мәдени кеңістік немесе форум» [Әлімбаев, 2006].

Осы уақытқа дейін отандық музей қорларында түркі халықтарының тарихи-этнографиялық жәдігерлері (жәдігерліктері) толықтығы мен коллекциялық жүйелілігі жағынан жеткіліксіз деңгейде қалып отыр. Осының өзі – түркі халықтарының этнографиялық деректерінің ең алдымен ұлттың тарихи тағдырының қилы бетін ашатын тарихи маңызды дереккөздері ретінде тарихи санадан, тарихи жадыдан алыстатылып, музейлердегі көзбен көріп, санаға сіңіру мүмкіндігінен айырғанының және этникалық мұраларды зерттеудің теориялық-методологиялық мәселелерін пайымдауға шектеулер қойғанының көрінісі. Тіпті музейлік экспозицияда қойылған этнографиялық мұраларды көрсеткен күннің өзінде үстіртін, орыс ғалымдары мен зерттеушілерінің көзқарастарына басымдылық беріліп, мазмұны мен тақырыбы жағынан қатал сүзгіден өткізілді. Бұл мәселе түркі халықтарының этнографиялық мұраларының мәдени тұрғыдан көптүрлі, сан қырлы екенін, сонымен қатар мәдениетімізде жалпылық пен ортақтықтың бар екенін терең көрсетуге ықпал ете алмағаны хақ. Яғни бүгінде зерттеушілер алдында түркі мұраларын деректанулық тұрғыдан салыстыра зерттеудің, түркілік этнографиялық мұраларды (баспана түрлері, дәстүрлі киімдері, ыдыс-аяғы, музыкалық аспаптары, қолөнер бұйымдары, т.б.) ғылыми айналысқа ендірудің, түркілердің музейлік этномәдени мұраларының концептуалды сипатын тарихи-мәдени коммуникация арнасы, этникалық мәдениеттердің диалогтік формасы, салт-дәстүр әдет-ғұрыптың ұрпақаралық трансляциясы ретінде ашудың маңызы зор. Бұл арада этнографиялық мұра – жаһандану үдерісіне ұшырап, этникалық сипатты жоғалтпауға қарсы тұра алатын күшті құрал екенін естен шығармау қажет.

Музейлік жәдігерлер арқылы әрбір адамды белгілі бір тарихи кеңістіктегі жүрген тарихи-мәдени үдеріске «қосуға» болады. Музейді тарихи-мәдени білімді ұрпаққа тасымалдаушы (транслятор) деп қарауға болады. Сондықтан қазіргі уақытта әлем музейлері қорларында сақтаулы тұрған түркі халықтарының этнографиялық мұрасына қатысты электронды база жасау және электронды айналыс арқылы жариялауды қолға алу – кезек күттірмейтін іс. Әсіресе қазақ халқының этнографиялық мұрасына қатысты Ресейде, Қытайда, Моңғолияда, Венгрияда, т.б. шетелдік мемлекеттердің

музей қорларында сақтаулы жәдігерлер бар. Музейлік этнографиялық жәдігерлердің ішіндегі ең азы, тіпті осы уақытқа дейін жүйелі түрде жиналмай отырғаны – түркілердің діни наным-сенімдері, дәстүрлі дініне байланысты құндылықтары. Мысалы, Түркия, Ресей сияқты мемлекеттерде жеке діни бағыттағы музейлер Түрік және Ислам ескерткіштері музейі (Стамбул), Мемлекеттік дін тарихы музейі (Санкт-Петербург) бар. Отандық этнология саласы бойыша дәстүрлі дін тарихы мен ұстанымына қатысты зерттеулерді арттыру және оның нәтижелерін музей экспозициялары арқылы жеткізу аса маңызы іс болып табылатыны сөзсіз.

Тарихи этнология саласының аса бір маңызды салаларына музейлік этнография, этнографиялық деректану жатады. Бұл орайда жоғары оқу орындарының тарих, түркология факультеттерінде этнолог, түркітанушы мамандарды дайындауда «Этнологиялық деректану», «Музейлік деректану», «Музейлік этнография», «Музейлік этноархеология» сияқты арнайы курстар мен элективті пәндер тереңірек оқытылса, онда құба-құп болар еді. Сондай-ақ қазіргі кездегі гуманитарлық саладағы аса өзекті, ғылыми кеңістікте енді көңіл бөліне бастаған саланың бірі – визуалды антропологиялық зерттеулер. Түркі (қазақ) халықтарының этнографиясына қатысты фотодеректер, кино, видеоматериалдар кешенін жүйелі түрде жинау және көрсету – этнографиялық деректанудың маңызды бір саласы.

Саяси-тарихи үдерістердің нәтижесінде дүние жүзінің әр тарабына шашырап кеткен қазақтардың бүгінгі этникалық болмысын зерттеу, этностық бірегейлігі, жалпы түркілердің этникалық образының кешегісі мен бүгіні, қазіргі антропологиялық тұрпатты зерттеу этнологиялық зерттеу нысаны болуы қажет деп білеміз. Біздің қоғамда ұмыт болып бара жатқан көптеген әдет-ғұрыптарымыз бен салт-дәстүрлеріміз Түркия, Қытай, Моңғолия, Еуропа қазақтары жадысында сақтаулы. Мысалы, Түркия қазақтарының арасында еліміздегі ұмытылып қалған жырлар, жоқтаулар, сақталған салт-дәстүрлері бар. Өмір сүріп жатқан ортасына қарай өзгеріп жатқан ұстанымдар мен ерекшеліктері де бар. Сондықтан этнографиялық зерттеулердің аса үлкен бір бағыты осыған бағытталуы керек деп білемін.

Түркілердің тарихи-мәдени-өркеніет жүйесіндегі қазынасын тарихи-этнологиялық зерттеулер негізінде толықтыру уақыт күттірмес мәселе екені сөзсіз.

## **Әдебиеттер**

1. Алимбай Н. Музей – не застывшая форма // Казахстанская правда. – 2006. – 10 февраля. – №17.
2. Иванов Г.М. Исторический источник и историческое познание (Методологические аспекты). – Томск.: Томский университет, 1973. – 226 с.
3. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
4. Павильч А. А. Культурологическая компаративистика в структуре гуманитарных исследований. <http://ntsa-iffon->

[npu.at.ua/blog/kulturologicheskaja\\_komparativistika\\_v\\_strukture\\_gumanitarnyx\\_issledovanij/2010-11-21-215](http://npu.at.ua/blog/kulturologicheskaja_komparativistika_v_strukture_gumanitarnyx_issledovanij/2010-11-21-215)

5. Ресей мемлекеттік тарихи мұрағат материалдары (РГИА. Ф. 821, опись 133, дело. №620; Ф. 821. Опись №8. Дело №602. Ф. 821. Опись №133. Дело №524. Ф. 821. Опись № 8. Дело № 612. Ф. 821. Опись № 8. Дело №801.
6. Янова М.В. Проблема познания современной истории: смена научных парадигм. Источник: <http://www.center-bereg.ru/475.html>

**К.Н. РАЙЫМХАН**